

DOI 10.54596/2958-0048-2026-2-372-379

ӘОЖ 81'373.21(574.2)

ҒТАМА 39.29.15

**ТҮР-ТҮС АТАУЛАРЫНА БАЙЛАНЫСТЫ Өңірлік Топонимдердің
Ерекшеліктері****Таласпаева Ж.С.¹, Жалелова Т.Д.^{1*}**^{1*} «Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» КеАҚ,
Петропавл, Қазақстан*Хат-хабар үшін автор: zhanartalaspayeva@gmail.com**Аңдатпа**

Мақалада Солтүстік Қазақстан облысы аумағындағы түр-түс және мал түсін білдіретін компоненттер арқылы жасалған өңірлік топонимдердің лексика-семантикалық, сөзжасамдық және этномәдени ерекшеліктері қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – түстік компоненттердің жер-су атауларындағы уәждік қызметін, мағыналық реңктерін және құрылымдық модельдерін айқындау. Материал ретінде өңірлік топонимикалық сөздіктер мен анықтамалықтарда, сондай-ақ Солтүстік Қазақстан облысы топонимдеріне арналған ғылыми еңбектерде тіркелген ақ, қара, сары, қызыл, көк, боз, ала, торы, шабдар, құла, күрең, шұбар компоненттері бар 92 атау іріктелді. Зерттеуде сипаттамалы, семантикалық, сөзжасамдық, этнолингвистикалық және салыстырмалы талдау әдістері қолданылды. Нәтижесінде түс атауларының топонимдерде тек заттың сыртқы бояуын емес, жер бедерін, су сапасын, өсімдік жамылғысын, мал шаруашылығы тәжірибесін, киелілік пен құнарлылыққа қатысты халықтық түсініктерді де білдіретіні анықталды. Мақалада талдау нәтижелері кестелер арқылы жүйеленіп, түстік компоненттердің негізгі мағыналық топтары мен сөзжасамдық үлгілері көрсетілді.

Кілт сөздер: топонимика, өңірлік топоним, түр-түс атауы, семантика, сөзжасам, этнолингвистика, Солтүстік Қазақстан облысы.

**ОСОБЕННОСТИ РЕГИОНАЛЬНЫХ ТОПОНИМОВ,
СВЯЗАННЫХ С ЦВЕТООБОЗНАЧЕНИЯМИ****Таласпаева Ж.С.¹, Жалелова Т.Д.^{1*}**^{1*} НАО «Северо-Казахстанский университет имени М. Козыбаева»,
Петропавловск, Казахстан*Автор для корреспонденции: talaspaeva@inbox.ru**Аннотация**

В статье рассматриваются лексико-семантические, словообразовательные и этнокультурные особенности региональных топонимов Северо-Казахстанской области, образованных с участием компонентов, обозначающих цвет и масть животных. Цель исследования – определить мотивационную функцию цветовых компонентов в географических названиях, раскрыть их семантические оттенки и структурные модели. Материалом исследования послужили 92 топонимические единицы Северо-Казахстанской области, содержащие компоненты со значением цвета и масти животных: «белый», «черный, темный», «желтый», «красный», «синий/голубой, зеленый», «светло-серый, белесый», «пестрый», «гнедой», «рыжеватого-гнедой», «буланный», «бурый, темно-каштановый», «пестрый, пятнистый». Указанные единицы зафиксированы в региональных топонимических словарях, справочниках и научных трудах по топонимии Северо-Казахстанской области. В работе использованы описательный, семантический, словообразовательный, этнолингвистический и сравнительный методы анализа. Установлено, что цветовые компоненты в топонимах обозначают не только внешний цвет объекта, но и особенности рельефа, качество воды, растительный покров, опыт скотоводческой культуры, а также народные представления о сакральности, чистоте и плодородии. Результаты анализа представлены в таблицах, где

систематизированы основные семантические группы и словообразовательные модели топонимов с цветовыми компонентами.

Ключевые слова: топонимика, региональный топоним, цветообозначение, семантика, словообразование, этнолингвистика, Северо-Казакстанская область.

FEATURES OF REGIONAL TOPONYMS ASSOCIATED WITH COLOUR NAMES

Talaspayeva J.S.¹, Zhalelova T.D.^{1*}

¹*Manash Kozybayev North Kazakhstan University NPLC, Petropavlovsk, Kazakhstan*

**Corresponding author: talaspaeva@inbox.ru*

Abstract

The article examines the lexical-semantic, word-formation, and ethnocultural features of regional toponyms of North Kazakhstan Region formed with components denoting colour and animal coat colour. The study aims to determine the motivational function of colour components in place names, to reveal their semantic shades and structural models. The research material comprises 92 toponymic units of North Kazakhstan Region containing components denoting colour and animal coat colour: «white», «black, dark», «yellow», «red», kok «blue/green», «light grey, pale», ala «variegated», tory «bay», «reddish-bay», «dun», «brown, dark chestnut», and «spotted, mottled». These units were identified from regional toponymic dictionaries, reference works, and scholarly studies on the toponymy of North Kazakhstan Region. The research applies descriptive, semantic, word-formation, ethno-linguistic and comparative methods. The findings show that colour components in toponyms denote not only the external colour of an object, but also landform features, water quality, vegetation, pastoral experience, and traditional ideas of purity, sacredness and fertility. The results are systematised in tables that present the main semantic groups and word-formation models of toponyms with colour components.

Keywords: toponymy, regional toponym, colour name, semantics, word formation, ethno-linguistics, North Kazakhstan region.

Кіріспе

Жер-су атаулары белгілі бір аумақты ғана таңбаламайды; олар сол кеңістікті мекендеген халықтың табиғатты тану тәжірибесін, тарихи жадын, шаруашылық дағдысын және дүниетанымын сақтайтын тілдік дерек болып табылады. Қазақ ономастикасында топонимдер ұлттық-мәдени ақпаратты жинақтайтын маңызды қабат ретінде қарастырылады. Қ.Қ. Рысбергін ұлттық ономастикалық жүйені халықтың ұжымдық ой-санасының нәтижесі әрі терең ғылыми зерделеуді қажет ететін мәдени фактор деп бағалайды [1, 4 б.]. Осы тұрғыдан алғанда, өңірлік топонимдерді зерттеу жергілікті тілдік материалды сипаттаумен ғана шектелмей, ұлттық мәдени кодты ашуға да мүмкіндік береді.

Солтүстік Қазақстан облысы топонимиясы көпқабатты сипатымен ерекшеленеді. Өңірде көне түркілік және қазақы атаулармен қатар славян-орыс қабаты, кеңестік кезеңнің әкімшілік-идеологиялық атаулары және тәуелсіздік кезеңіндегі қайта атау үдерісі қатар көрінеді. Мұндай жағдай аймақтық топонимдерді тарихи, лексика-семантикалық, сөзжасамдық және этнолингвистикалық тұрғыдан кешенді қарастыруды қажет етеді. Т. Жанұзақ жер-су атауларының түптөркінін халықтың тарихи тәжірибесімен, табиғи ортасымен және тілдік даму заңдылықтарымен байланыста талдау қажеттігін атап көрсетеді [2].

Түр-түс атаулары қазақ тілінде заттың сыртқы бояуын білдірумен қатар, бағалауыштық, символдық және мәдени мағыналарға ие. Ә. Қайдаров, Б. Өмірбеков, З. Ахтамбердиева еңбектерінде ақ, қара, сары, қызыл, көк, боз, ала сияқты атаулардың

тілдегі мағыналық өрісі кең екені көрсетілген [3; 4]. Топоним құрамына енген кезде бұл сөздер жердің түсін, судың сапасын, өсімдіктің қалыңдығын, малдың реңін, кейде киелілік, тазалық, кеңдік, құнарлылық тәрізді ұғымдарды білдіреді. Сондықтан түс компонентті топонимдерді тура мағынамен ғана түсіндіру ғылыми тұрғыдан жеткіліксіз.

Зерттеу проблемасы – Солтүстік Қазақстан облысы аумағындағы түр-түс атаулары бар топонимдердің мағыналық және құрылымдық сипаты толық жүйеленбей, көбіне жекелеген мысалдар деңгейінде ғана қарастырылып келуінде. Мақаланың нысаны – Солтүстік Қазақстан облысының түс компонентті топонимдері. Зерттеу пәні – аталған топонимдердің лексика-семантикалық, сөзжасамдық және этномәдени ерекшеліктері. Зерттеудің мақсаты – өңірлік топонимдердегі түстік компоненттердің уәждік қызметін, семантикалық реңктерін және құрылымдық модельдерін анықтау. Осы мақсатқа сәйкес: 1) түс компонентті атауларды іріктеу; 2) олардың мағыналық топтарын айқындау; 3) сөзжасамдық үлгілерін сипаттау; 4) этномәдени мазмұнын түсіндіру; 5) ғылыми жаңалығы мен практикалық маңызын көрсету міндеттері қойылды.

Мақала құрылымы журнал талабына сай кіріспеден, материалдар мен зерттеу әдістерінен, зерттеу нәтижелерінен, талқылаудан, қорытындыдан, қаржыландыру туралы мәліметтен және әдебиеттер тізімінен тұрады.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Зерттеу материалы ретінде Солтүстік Қазақстан облысы аумағындағы түс атаулары қатысқан 92 топонимдік бірлік іріктелді. Атауларды жинақтауда Е. Қойшыбаевтың «Қазақстанның жер-су аттары сөздігі» [5], «Жеріңнің аты – еліңнің хаты» энциклопедиялық анықтамалығы [6], Г. Ахметжанова, С. Мәлікова, К. Оспанов, З. Тайшыбайдың «Атамекен атаулары» еңбегі [7], С.Қ. Иманбердиева, З.С. Тайшыбай, С.З. Мәлікованың «Солтүстік Қазақстан облысы топонимдері» жинағы [8], сондай-ақ Қазақстан Республикасының географиялық атауларының мемлекеттік каталогы [9] пайдаланылды. Дереккөздерден алынған атаулар қайталанатын тұлғалардан тазартылып, құрамында айқын түстік немесе реңдік компоненті бар бірліктер ғана талдауға енгізілді.

Іріктеу барысында үш өлшем басшылыққа алынды: біріншіден, атау құрамында негізгі түс атауы немесе рең атауы болуы керек; екіншіден, атау Солтүстік Қазақстан облысы аумағындағы географиялық нысанмен байланысты берілуі тиіс; үшіншіден, атаудың құрамын сөзжасамдық және семантикалық тұрғыдан талдауға мүмкіндік болуы қажет. Осы өлшемдерге сәйкес ақ, қара, сары, қызыл, көк, боз, ала, торы, шабдар, шұбар, құла, күрең сияқты компоненттер қамтылды.

Зерттеу әдістері бірнеше бағытта қолданылды. Сипаттамалы әдіс топонимдердің сыртқы құрылымын, компоненттік құрамын және қолданылу аясын көрсетуге мүмкіндік берді. Семантикалық талдау түстік компоненттердің тура және ауыспалы мағыналарын ажыратуға бағытталды. Сөзжасамдық талдау арқылы сын есім + зат есім, зат есім + сын есім, үш компонентті күрделі атау, рең атауы + зооним/фитоним тәрізді модельдер анықталды. Этнолингвистикалық талдау түстердің халық дүниетанымындағы символдық және мәдени мазмұнын түсіндіруге қолданылды. Салыстырмалы талдау қазіргі өңірлік материалды бұған дейінгі топонимикалық еңбектердегі тұжырымдармен салыстыру үшін пайдаланылды.

Этимологиялық түсіндіруде атаулардың қазіргі сыртқы тұлғасына ғана сүйенбей, олардың географиялық нысанмен байланысы, жер бедері, су жүйесі, өсімдік жамылғысы, мал шаруашылығы тәжірибесі және жергілікті атау беру дәстүрі ескерілді. Бұл тәсіл түстік компоненттердің мағынасын біржакты түсіндіру қаупін азайтып, топонимнің табиғи және мәдени уәжін қатар қарастыруға мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижелері

Талдау нәтижесінде Солтүстік Қазақстан облысының түс компонентті топонимдері бірнеше мағыналық және құрылымдық топқа бөлінетіні анықталды. Іріктелген 92 атаудың ішінде ең өнімді компоненттер – қара, ақ және сары. Бұл түстердің өнімділігі олардың қазақ тіліндегі көпмағыналылығымен, табиғи нысандарды ажыратудағы қызметімен және халықтық дүниетанымдағы символдық мәнімен байланысты. Негізгі топтар 1-кестеде көрсетілді.

Кесте 1. Түр-түс компоненттері бойынша талдауға алынған топонимдер

Түстік компонент	Іріктелген атаулар саны	Мысалдар	Негізгі уәждік қызметі
Ақ	23	Ақсу, Ақкөл, Аққайың, Ақтас, Ақтөбе, Ақшоқы, Ақбейіт, Аққұдық, Ақжар	тазалық, ашық түс, борлы/ақшыл жер, су мөлдірлігі, киелілік
Қара	27	Қараағаш, Қаратал, Қарақамыс, Қарасу, Қаракөл, Қаратомар, Қарасор, Қарасойған	қалыңдық, қоюлық, құнарлы жер, терең су, алыстан қарауыту, мал атауы
Сары	16	Сарысай, Сарыадыр, Сарыөзек, Сарықамыс, Сарыкөл, Сарыбұлақ, Сарыала	сарғыш топырақ, құрғақ бедер, өсімдік реңі, су жағасының түсі, кеңдік
Қызыл	15	Қызылжар, Ұзынқызыл, Үшқызыл, Ащылықызыл, Басқызыл, Желқызыл	жар, топырақ, қырат түсі; қызғылт бедер; кейде тарихи атау қабаты
Өзге рең атаулары	11	Көкалажар, Бозарал, Алабота, Торытай, Шабдарбие, Шұбартерек, Құлаайғыр, Күреңбие	жануар түсі, өсімдік сипаты, аралас рең, жердің ала-құла көрінісі

Ақ компоненті бар топонимдер бірнеше мағыналық бағытта жұмсалады. Бірінші топқа мал шаруашылығымен байланысты атаулар жатады: Ақлақ, Ақөгіз, Ақтай, Ақтайынша, Ақтүйесай тәрізді бірліктерде ақ түс малдың реңін немесе ерекше белгісін танытады. Дегенмен бұл атауларды тек тура түспен шектеуге болмайды, өйткені қазақы мал атауында ақ сөзі кейде малдың толық ақ болуын емес, дене мүшесіндегі ақшыл белгіні, ерекше қасиетті немесе құт-берекеге қатысты түсінікті де білдіреді.

Екінші топқа су нысандары мен жер бедеріне байланысты атаулар кіреді: Ақбұлақ, Ақкөл, Ақсу, Ақсай, Ақтас, Ақтөбе, Ақшоқы, Ақшығанақ. Мұнда ақ компоненті судың мөлдірлігін, ағыстың көбіктенуін, борлы немесе ақшыл топырақты, жарқабақтың ашық түсті көрінуін білдіруі мүмкін. Ақсу атауындағы ақ сөзін бір ғана «ақ түсті су» деп түсіндіру жеткіліксіз; ол көбіне су тазалығы, ағыстың ақшыл көбігі немесе халық танымындағы «адал, таза» мағынасына жақын қолданылады [4, 61 б.].

Үшінші топта ақ компоненті сакралды және некронимдік мазмұнмен байланысады: Ақбейіт, Ақмола, Ақоба сияқты атауларда түс атауы нақты бояуды ғана емес, жерлеу орнына қатысты құрмет, тазалық, киелілік ұғымдарын да білдіреді. Қазақ тіліндегі «ақ жауып арулау», «ақтық сөз» тәрізді тіркестер ақ түсінің символдық өрісін кеңейтеді. Сондықтан мұндай топонимдерде түс пен мәдени мағына қатар жүреді.

Қара компоненті бар топонимдер сан жағынан ең өнімді топтардың бірі. Қараағаш, Қарақамыс, Қарақоға, Қарамойыл, Қаратал, Қаратерек, Қарашілік атауларындағы қара сөзі өсімдіктің нақты қара түсті екенін білдірмейді. Көп жағдайда ол ағаштың, қамыстың, талдың қалыңдығын, алыстан қарауытып көрінуін немесе жердің көлеңкелі, ылғалды сипатын көрсетеді. Осы тұрғыдан қара компоненті фитоморфтық топонимдерде «қалын», «қою», «мол» мағынасына жақындайды.

Суға қатысты Қаракөл, Қарасу, Қарақұдық сияқты атауларда қара компоненті судың тереңдігін, тұнық емес қалпын, жер асты суымен толығыуын немесе су айдынының қарауытып көрінуін білдіруі мүмкін. Қазақ тілінде қара жер, қара су, қара топырақ тәрізді тіркестердің болуы бұл түстің табиғи ортаға қатысты кең мағыналық қызметін дәлелдейді. Ал Қарамарқа, Қарайғыр, Қарабие атауларында қара түс тура мағынасында, яғни малдың немесе жануардың реңін білдіреді.

Қара компонентінің антропонимдік және әлеуметтік қабаты да бар. Қарамырза, Қарақожа, Қараменді сияқты атауларда қара сөзі кісі есімімен немесе әлеуметтік атаумен ұштасады. Мұнда түстік белгі кейде бастапқы антропонимнің құрамына сіңіп, кейін топонимге ауысқан. Қарабиетқықан, Қарасойған тәрізді атауларда етістік негізімен байланысқан күрделі құрылым байқалады. Қарасойған атауындағы қара ірі мал ұғымымен де сабақтас болуы мүмкін.

Сары компоненті бар Сарыөлең, Сарықияқ, Сарықамыс, Сарыағаш, Сарыадыр, Сарыөзек, Сарысай, Сарыбел, Сарыбауыр атаулары жердің сарғыш реңін, құрғақ далалық сипатын, өсімдік жамылғысының маусымдық түсін немесе кеңістіктің ашық, созылыңқы көрінісін білдіреді. Сарыкөл, Сарыбұлақ атауларында сары су айдынының өз түсін ғана емес, су жағасының топырақ, өсімдік және лайлы қабатпен байланысын да көрсете алады. Тайынша ауданындағы Сарыала атауында да судың түсінен гөрі жағалаудың сары ала болып көрінуі негізгі уәж болуы ықтимал.

Қызыл компоненті Солтүстік Қазақстан өңірінде Қызылжар сияқты кең танылған атаудан бөлек, Ұзынқызыл, Үшқызыл, Ащылықызыл, Байқызыл, Басқызыл, Желқызыл тәрізді бірліктерде де кездеседі. Мұнда қызыл түс жардың, топырақтың, қыраттың немесе өсімдік қабатының қызғылт реңін білдіруі мүмкін. Қызылжар атауының құрылымында қызыл – анықтауыш, жар – географиялық термин. Бұл модельде бірінші компонент табиғи белгіні, екінші компонент нысан түрін көрсетеді.

Көк, боз, ала, торы, шабдар, құла, күрең, шұбар тәрізді рең атаулары қазақ халқының түсті өте нәзік ажырата білгенін көрсетеді. Көкалажар, Бозарал, Алабота сияқты атауларда жердің ала-құла көрінісі, бозғылт реңі немесе өсімдік атауымен байланысы байқалады. Торытай, Шабдарбие, Құлаайғыр, Күренбие, Бозайғыр, Аласиыр тәрізді атауларда малдың түсін дәл белгілеу дәстүрі топонимиялық жүйеге ауысқан. Бұл – көшпелі мал шаруашылығы мен кеңістікті атау тәжірибесінің сабақтастығын көрсететін маңызды белгі.

Талдау барысында түс компонентті топонимдердің сөзжасамдық үлгілері де жүйеленді. Негізгі модельдер 2-кестеде берілді.

Кесте 2. Түс компонентті топонимдердің негізгі сөзжасамдық модельдері

Сөзжасамдық модель	Мысалдар	Сипаттамасы
Сын есім + географиялық термин	Ақсу, Қаракөл, Сарысай, Қызылжар, Ақтөбе	түстік белгі нысан түрін нақтылайды; ең өнімді модель

Сын есім + фитоним/зооним	Аққайың, Қараағаш, Сарықамыс, Торытай, Құлаайғыр	табиғат, өсімдік, жануар немесе мал түсі атауға негіз болады
Зат есім/сан есім + түстік компонент	Үшқара, Текесары, Қойсары, Ұзынқызыл	түстік компонент екінші орында тұрып, тұтас атауға айырушы белгі береді
Үш компонентті күрделі атау	Көкалажар, Басқызылағаш, Қарабиетыққан	бір атауда бірнеше белгі қабаттасады; құрылымдық талдауды қажет етеді
Сакралды немесе антропонимдік негізбен байланысқан модель	Ақбейіт, Ақмола, Қарамырза, Қарақожа	түстік компонент мәдени, элеуметтік немесе антропонимдік мағынамен ұштасады

Кестелерден байқалғандай, түс атаулары топоним құрамында көбіне анықтауыштық қызмет атқарады. Бірінші компонент нысанның айырым белгісін білдіреді, ал екінші компонент географиялық нысанның түрін көрсетеді. Бұл қазақ топонимиясындағы қабыса байланысқан анықтауыштық модельдің өнімділігін дәлелдейді. Сонымен қатар түс компоненті атаудың соңында келетін үлгілер де бар: Үшқара, Текесары, Қойсары, Ұзынқызыл тәрізді топонимдерде түстік белгі тұтас атаудың соңғы компоненті ретінде көрінеді. Бұл ерекшелік өңірлік материалдың құрылымдық алуан түрлілігін танытады.

Тал қылау

Алынған нәтижелер қазақ тіліндегі түс атауларының көпқабатты семантикасы туралы бұрынғы зерттеулермен сәйкес келеді. Ә. Қайдаров, Б. Өмірбеков, З. Ахтамбердиева түс атауларының халық танымындағы символдық, бағалауыштық және мәдени мағыналары кең екенін көрсеткен [3; 4]. Солтүстік Қазақстан облысы материалдары бұл тұжырымды нақты өңірлік дерек арқылы толықтырады: ақ компоненті тазалық пен ашықтықты, кара компоненті қалыңдық пен тереңдікті, сары компоненті жердің сарғыш, құрғақ немесе кең сипатын, қызыл компоненті жар мен топырақ реңін білдіреді.

Рецензияда мақаладағы нақты мысалдар мен салыстырмалы деректердің аздығы көрсетілген еді. Осыған байланысты өңделген нұсқада атаулар топтары сандық көрсеткішпен берілді, мысалдар мағыналық бағыттар бойынша жүйеленді және нәтижелер кестеленді. Мәселен, кара компонентінің өңір топонимиясында өнімді екені бұрынғы еңбектерде де байқалады. Г. Ахметжанова, С. Мәлікова, К. Оспанов, З. Тайшыбай «қара» сөзінен басталатын тарихи ойконимдер саны 171 болғанын, оның ішінде +ағаш – 43, +тал – 43, +терек – 37, +шілік – 7, +мойыл – 11, +томар – 5, +шоқы – 5, +шоқ – 4 рет кездесетінін көрсетеді [7, 221 б.]. Бұл дерек кара компонентінің тек түсті емес, өсімдік жамылғысы мен қонысқа қолайлы табиғи нысандарды белгілеуде де белсенді қолданылғанын дәлелдейді.

СҚО топонимдерінің өңірлік сипаты табиғи-географиялық ортаға тікелей байланысты. Облыс орманды-дала белдеуінде орналасқандықтан, қайың, тал, қамыс, терек, шілік, томар, көл, сай, жар сияқты компоненттер жиі ұшырасады. Түс атаулары осы географиялық терминдермен бірігіп, нысанды дәл айыру қызметін атқарады: Аққайың – ағаштың түрі мен реңін, Қарақамыс – қамыстың қалыңдығын, Сарысай – сайдың топырақ немесе өсімдік түсін, Қызылжар – жардың қызғылт бедерін көрсетеді.

Демек, түстік компоненттер өңірдің табиғи бейнесін тілде бекітетін құрал ретінде қызмет етеді.

Сонымен бірге кейбір атауларды қазіргі табиғи көрініспен ғана түсіндіру жеткіліксіз. Топоним сақталғанымен, жердің өсімдігі, суының деңгейі, топырақ сипаты немесе шаруашылық қызметі өзгеруі мүмкін. Сондықтан Ақсу, Қарасу, Сарыкөл, Қаратомар тәрізді атаулардың мағынасын түсіндіруде тарихи дерек, жергілікті қолданыс және географиялық сипаттама қатар ескерілуі керек. Бұл тәсіл кабинетте жасалған біржақты этимологиядан сақтандырады.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы – Солтүстік Қазақстан облысындағы түс компонентті топонимдер жеке-жеке мысал ретінде емес, семантикалық және сөзжасамдық жүйе ретінде қарастырылды. Мақалада түстік компоненттердің бес негізгі тобы, олардың уәждік қызметі және құрылымдық модельдері анықталды. Практикалық маңызы – алынған нәтижелерді өңірлік ономастика, қазақ тілінің лексикологиясы, этнолингвистика, өлкетану, сондай-ақ жоғары оқу орындарындағы «Ономастика», «Қазіргі қазақ тілі», «Лингвомәдениеттану» пәндерінде қосымша материал ретінде пайдалануға болады.

Қорытынды

Зерттеу нәтижелері Солтүстік Қазақстан облысындағы түс атауларына байланысты топонимдердің өңірлік ономастикалық жүйеде маңызды орын алатынын көрсетті. Түс компоненттері жер-су атауларында кездейсоқ қолданылмайды; олар географиялық нысанның нақты белгісін, халықтық қабылдауды, шаруашылық тәжірибені және мәдени-символдық мағынаны қатар жеткізеді.

Біріншіден, ақ, қара, сары, қызыл сияқты негізгі түстер топонимдерде ең өнімді компоненттер болып табылады. Ақ компоненті көбіне тазалық, ашық түс, су мөлдірлігі, борлы немесе ақшыл жер, киелілік ұғымдарымен байланысады. Қара компоненті қалың өсімдік, терең су, құнарлы немесе қарауытып көрінетін жер, ірі мал, кей жағдайда антропонимдік негізбен ұштасады. Сары компоненті сарғыш топырақ, құрғақ ландшафт, өсімдік реңі және кеңдік мағынасын білдіреді. Қызыл компоненті жар, топырақ, қырат сияқты нысандардың қызғылт реңін көрсетеді.

Екіншіден, көк, боз, ала, торы, шабдар, құла, күрең, шұбар тәрізді рең атаулары қазақ халқының түсті дәл ажырату дәстүрін және мал шаруашылығымен байланысты тілдік тәжірибесін айқындайды. Бұл атауларда табиғи белгі мен этномәдени таным сабақтасып жатады.

Үшіншіден, сөзжасамдық тұрғыдан ең өнімді үлгі – түстік анықтауыш + географиялық термин моделі. Сонымен қатар түстік компоненттің соңғы орында келуі, үш компонентті күрделі құрылымдар, сакралды және антропонимдік негізбен байланысқан атаулар да кездеседі. Бұл өңір топонимиясының құрылымдық жағынан біркелкі емес, көпүлгілі жүйе екенін дәлелдейді.

Төртіншіден, түс компонентті топонимдерді этномәдени және тарихи контексте қарастыру олардың тек тілдік бірлік емес, табиғи орта, жергілікті жад және ұлттық дүниетаным туралы ақпарат сақтайтын мәдени мәтін екенін көрсетеді. Сондықтан мұндай атауларды жүйелеу өңірлік ономастиканы дамытуға, тарихи атауларды дұрыс түсіндіруге және жергілікті мәдени мұраны сақтауға қызмет етеді.

Қаржыландыру және алғыс

Зерттеу арнайы гранттық немесе бағдарламалық қаржыландырусыз орындалды.

Әдебиет:

1. Рысберген Қ.Қ. Ұлттық ономастиканың лингвокогнитивтік негіздері. – Алматы: Дайк-Пресс, 2011. – 328 б.
2. Жанұзақ Т. Тарихи жер-су аттарының түптөркіні. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2010. – 356 б.
3. Қайдаров Ә.Т., Өмірбеков Б., Ахтамбердиева З.Т. Сырға толы түр мен түс. – Алматы: Қазақстан, 1986. – 96 б.
4. Қайдаров Ә.Т., Өмірбеков Б., Ахтамбердиева З.Т. Түр-түстердің тілдегі көрінісі. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 160 б.
5. Қойшыбаев Е. Қазақстанның жер-су аттары сөздігі. – Алматы: Мектеп, 1985. – 256 б.
6. Жерінің аты - елінің хаты: энциклопедиялық анықтамалық. - Алматы: Аруана Ltd, 2006. - 808 б.
7. Ахметжанова Г., Мәлікова С., Оспанов К., Тайшыбай З. Атамекен атаулары: Солтүстік Қазақстан облысының топонимикалық атаулары. – Петропавл: Северный Казахстан, 2015. – 343 б.
8. Иманбердиева С.Қ., Тайшыбай З.С., Мәлікова С.З. Солтүстік Қазақстан облысы топонимдері. – Нұр-Сұлтан, 2020. – 788 б.
9. Қазақстан Республикасының географиялық атауларының мемлекеттік каталогы. 2-басылым, қайта өңделген және толықтырылған. Солтүстік Қазақстан облысы. – Алматы, 2012. – 2-т.

References:

1. Rysbergen Q.Q. Ultyyq onomastikanyn lingvokognitivtik negizderi [Linguocognitive foundations of national onomastics]. - Almaty: Daik-Pres, 2011. - 327 p. [in Kazakh].
2. Zhanuzak T. Tarikhi zher-su attarynyn tuptorkini [The origin of historical place names]. - Almaty: Sozdik-Slovar LLP, 2010. - 356 p. [in Kazakh].
3. Kaidarov A.T., Akhtamberdieva Z.T., Omirbekov B.E. Syrga toly tur men tus [Meaningful form and colour]. - Almaty: Kazakhstan, 1986. 92, [2] p. [in Kazakh].
4. Kaidarov A.T., Omirbekov B.E., Akhtamberdieva Z.T. Tur-tusterdin tildegi korinisi [Reflection of colour names in language]. - Almaty: Ana tili, 1992. - 160 p. [in Kazakh].
5. Koishybayev E. Qazaqstannyn zher-su attary sozdigi [Dictionary of Kazakhstan place names]. - Almaty: Mektep, 1985. - 256 p. [in Kazakh].
6. Zherinnin aty – elinnin khaty: entsiklopediyalyk anyktamalyk [The name of the land is the memory of the people: encyclopaedic reference book]. - Almaty: Aruna, 2006. - 808 p. [in Kazakh].
7. Akhmetzhanova G., Malikova S., Ospanov K., Taishybay Z. Atameken ataulary: Soltustik Qazaqstan oblysynyn toponimikalyk ataulary [Native land names: toponymic names of North Kazakhstan Region]. - Petropavl: Severny Kazakhstan, 2015. - 343 p. [in Kazakh].
8. Imanberdieva S.Q., Taishybay Z.S., Malikova S.Z. Soltustik Qazaqstan oblysy toponimderi [Toponyms of North Kazakhstan Region]. - Nur-Sultan: Sh. Shayakhmetov Republican Scientific and Practical Center for Language Development, 2020. - 788 p. [in Kazakh].
9. Qazaqstan Respublikasynyn geografiyalyk ataularynyn memlekettik katalogy. Soltustik Qazaqstan oblysy [State catalogue of geographical names of the Republic of Kazakhstan. North Kazakhstan Region]. 2nd ed., revised and enlarged. - Almaty, 2012. Vol. 2. [in Kazakh].

Information about the authors

J.S. Talaspayeva – corresponding author, Candidate of Philological Sciences, Professor, Department of Kazakh Language and Literature, Manash Kozybayev North Kazakhstan University NPLC, Petropavlovsk, Kazakhstan; e-mail: zhanartalaspayevaa@gmail.com;

T.D. Zhalelova – Master’s student, educational program 7M02301 Philology, Department of Kazakh Language and Literature, Manash Kozybayev North Kazakhstan University NPLC, Petropavlovsk, Kazakhstan; e-mail: milanavk123@gmail.com.

ИНФОРМАЦИЯ ДЛЯ АВТОРОВ

Название: научный журнал «М. Қозыбаев атындағы СҚУ Хабаршысы / Вестник СҚУ имени М. Козыбаева».

Собственник: Некоммерческое акционерное общество «Северо-Казахстанский университет имени Манаша Козыбаева».

Свидетельство о постановке на переучёт: № KZ66VPY00102049, выдано Министерством информации и общественного развития РК от 26 сентября 2024 г.

ISSN 2958-0048 (Online)

ISSN 2958-003X (Print)

Основная тематическая направленность: публикация научно-методической информации.

Язык публикаций: казахский, русский, английский языки.

ТЕМАТИЧЕСКИЕ НАПРАВЛЕНИЯ:

1. ЕСТЕСТВЕННЫЕ НАУКИ

(география и природопользование; информатика, математика-информатика, математика-физика; физика и физическая экспертиза, физика и астрономия, астрономия и методы дистанционных исследований; химическая экспертиза и аналитический контроль производства, химическая технология органических веществ).

2. БИОЛОГИЧЕСКИЕ НАУКИ

(биология, ботаника, геоботаника, биоразнообразие, зоология, орнитология, молекулярная биология, микробиология, вирусология, физиология, анатомия, генетика, биотехнология, гидробиология, биохимия, экология).

3. ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ НАУКИ

(педагогика и психология, специальная педагогика, практическая психология; дошкольное обучение и воспитание, педагогика и методика начального обучения; музыкальное образование, культурно-досуговая работа; физическая культура и спорт, физическая культура и начальная военная подготовка; социальная педагогика и самопознание; дефектология, дефектология (логопедия), специальная педагогика (логопедия), олигофренопедагогика, сурдопедагогика, дефектология (сурдопедагогика), дошкольная дефектология; филология, иностранный язык: два иностранных языка, русский язык и литература, казахский язык и литература, иностранная филология, переводческое дело).

4. СОЦИАЛЬНО-ГУМАНИТАРНЫЕ НАУКИ

(история; журналистика, PR-журналистика; государственное и местное управление, менеджмент, финансы, учет и аудит, экономика, государственное администрирование, экономика в бизнесе; юриспруденция, туризм).

5. СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННЫЕ НАУКИ

(технология продовольственных продуктов; агрономия, защита и карантин растений; технология производства продуктов животноводства; лесные ресурсы и лесоводство).

6. ТЕХНИЧЕСКИЕ НАУКИ

(дизайн; радиотехника, электроника и телекоммуникации; машиностроение, электроэнергетика, транспорт, транспортная техника и технологии; строительство,

проектирование и информационное моделирование строительных объектов, стандартизация, сертификация и метрология (по отраслям), экспертиза и аудит качества (по отраслям).

7. ИНФОРМАЦИОННО-КОММУНИКАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ

(теоретические основы информатики; компьютерные науки (Computer science); информационные системы и процессы; электронные коллекции и библиотеки; искусственный интеллект и интеллектуальные системы; робототехника; информационная безопасность и защита информации; информационно-измерительные системы; управление в социальных и экономических системах; автоматизация и управление технологическими процессами и производствами; веб-дизайн; системный анализ; управление и обработка информации; математическое и программное обеспечение.

8. ФИЛОЛОГИЧЕСКИЕ НАУКИ

(казахский язык и литература, русский язык и литература, иностранный язык: два иностранных языка, иностранная филология; переводческое дело).

Язык издания: казахский, русский, английский.

Территория распространения: Республика Казахстан, дальнее и ближнее зарубежье.

Главный редактор: Демьяненко Александр Валентинович, профессор кафедры «Энергетика и радиоэлектроника», кандидат технических наук, ассоциированный профессор (доцент).

Редактор: Островская Валерия Станиславовна, методист Департамента науки СҚУ им. М. Козыбаева.

Периодичность: 4 раза в год.

Сроки приема, рассмотрения статей и выхода в печать журнала:

№1 – Прием статей до 15 февраля, редакция рассматривает с 16 до 28 февраля, выход в печать – до 30 марта;

№2 – Прием статей до 15 мая, редакция рассматривает с 16 до 30 мая, выход в печать – до 30 июня;

№3 – Прием статей до 15 августа, редакция рассматривает с 16 до 30 августа, выход в печать – до 30 сентября;

№4 – Прием статей до 15 ноября, редакция рассматривает с 16 до 30 ноября, выход в печать – до 30 декабря.

Выпуск: в электронном виде; на бумажном носителе – издается в Издательско-полиграфическом отделе СҚУ им. М. Козыбаева.

Адрес редакции: СҚО, г. Петропавловск, ул. Пушкина, 86, 150000.

Журнал включен в базу данных РИНЦ (eLIBRARY).

Все статьи принимаются on-line на сайте журнала <https://vestnik.ku.edu.kz/jour> через личный кабинет автора.